

"АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕНЕМЕСІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ

201 5 к. 10 п. ЖҮРГІЗІЛДІ
КУӘЛІК № 12334-1501-00-0
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮН 11.08 ЖЫЛ 2002
БСН 010840005538

Жалғыз құрылтайшының
шешімімен бекітілген
20 қазан 2015 жыл

«АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ Д.А.ҚОНАЕВ АТЫНДАҒЫ КОЛЛЕДЖ»
МЕКЕМЕСІНІҢ ЖАРҒЫСЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШкі істер министрлігі

№ 100/1001/201

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШкі істер министрлігі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШкі істер департаменті
Мемлекеттік мекемесі

**БАРЛЫҚ
НӨНІР СЕНГЕНІ,
ТІРКЕЛГЕНІ**

33

ПАРАК

2015 10 14

1. Жалпы ереже

1.1. «Астана қаласындағы Д.А. Қонаев атындағы колледж» мекемесі (әрі қарай Колледж) коммерциялық емес, жеке меншік білім беру ұйымы болып табылады.

1.2. Колледж өз жұмысын Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасына, Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» заңына, білім беру саласындағы қызметті реттейтін басқа да нормативті актілер мен осы Жарғыға сәйкес жүргізеді.

1.3. Колледждің мемлекеттік тілдегі атауы: «Астана қаласындағы Д.А.Қонаев атындағы колледж» мекемесі; орыс тілінде: учреждение «Колледж им. Д.А.Кунаева в г. Астана».

1.4. Колледждің мекен-жайы (заңды тұрағы): Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Алматы ауданы, Манас көшесі 23/2

1.5. Колледж коммерциялық емес заңды тұлға, ұйымдық-құқықтық түрде құрылған мекеме. Жеке балансында көрсетілген негізделген мүлкі бар, өз атынан азаматтық, еңбектік және әкімшіліктік қатынастар жасай алады, өзінің барлық мүлкіне мүліктік жауапкершілік жүктейді, сотта немесе третей сотында шағымданушы не жауапты бола алады. Оның өз атауымен берілген мөрі және штампы, Қазақстан Республикасы және басқа мемлекеттер банкында есеп шоты және басқа да шоттар бар.

2. Мекеменің құрылтайшылары

2.1. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының азаматшасы болып табылады:

жеке тұлға – Дархамбаева Кашипа Рахимбековна 22.03.1947 жылы туған, Алматы облысының тумасы, жеке куәлік № 031180279, 21.01.2011 жылы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігімен берілген, ЖСН № 470322400142.

3. Міндеттері мен қызметі

3.1. Колледж қызметінің негізгі міндеттері:

- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаның дамуы мен кәсіби қалыптасуына бағытталған білім алу үшін қажетті жағдай жасауға өз үлесін қосу;
- қоғамның, техникалық және қызмет көрсетуші еңбектің білікті мамандарға деген сұранысын қанағаттандыру;
- мемлекеттік және халықаралық стандарттардың, жаңаша технологиялар мен нарықтық экономика жағдайларының талаптарына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта кәсіби білімі бар мамандарды даярлау және қайта даярлау;
- азаматтық пен патриотизмді, өз Отаны – Қазақстан Республикасы деген сүйіспеншілікті, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін

кастерлеуге, конституцияларға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

- оқытудың жаңа технологияларын пайдалануды, соның ішінде қоғам мен еңбек нарығының өзгерісті талаптарына қарай кәсіптік білімнің тез үйренуіне ықпал ететін кредиттік, дистанциондық, ақпаратты-әмбебап түрлерін тиімді енгізу;

- шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, берік адамгершілік негіздері мен салауатты өмір салтын қалыптастыру, жеке басты дамыту үшін жағдай жасау арқылы интелекті байыту;

- Республикасының қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру.

3.2. Колледж білім беру ұйымы, оның функциясы білім беру және білім беру қызметін қамтамасыз ету болып табылады

Колледж білім беру қызметін жүзеге асыруға жәрдемдесетін коммерциялық емес сипаттағы өзге де функцияларды орындайды

4. Білім беру процесінің мақсаттары

4.1. Білім беру процесінің мақсаты орта кәсіби білім берудің қосымша білім беру бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз ету болып табылады, сонымен қатар:

- жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, тұлғаның қоғамдағы өмірге бейімделіп, мамандығын кәсіби саналы түрде таңдап және игеруге мүмкіндік жасау;

- лицензияланатын қызмет түрінің құрамына кіретін, лицензияланатын жұмыстар мен қызметтер түрінің тізімінде көрсетілген білім беретін бағдарламалар бойынша мамандар даярлау.

5. Қызмет аясы

5.1. Колледж оқу процесін (барлық аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардың түрі, сонымен қатар басқа да оқу жұмысы) орта кәсіби білім беру деңгейі бойынша ұйымдастырады.

5.2. Оқу-әдістемелік жұмысты оқу процесін сапалы оқу-әдістемелік материалдарымен толық қамтамасыз етуге және сабақ жүргізуге алдыңғы қатарлы әдістемені енгізуге бағыттап ұйымдастырады.

5.3. Өз бағдарламалары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізеді, заңнамаларды сараптау және басқа сараптама түрлерінде осы немесе басқа саланың жетекші мамандары қатыстырылуы мүмкін, олар осы сала бойынша ғылыми-кеңес қызметін көрсетеді; кез келген субъектілермен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге келісім-шарт жасай алады.

5.4. Ғылыми, оқу, оқу-әдістемелік, анықтамалық әдебиеттерді шығарады, баспа жұмысын, өз газеті немесе журналды шығаруды жүзеге асырады.

5.5. Профессорлық-оқытушылық құрам мен колледж оқушылары арасында тәрбие жұмысын жүргізеді; тұрғындарға жаппай құқықтық және құқықтық білімді насихаттаумен шұғылданады.

5.6. Колледж мемлекеттік құпиялармен жұмыс істеуді талап ететін мамандықтар дайындамайды.

5.7. Лицензияны қажет ететін іс-әрекет түрлері лицензия алғаннан соң ғана жүзеге асырылады.

6. Колледж құқықтары

6.1. Колледж өзінің оқыту, ғылыми-зерттеу және мәдени-ағарту саласындағы қызметінде мақсаттарына жету үшін құқылы:

- шет елдің жоғарғы оқу орындарымен, ғылыми-зерттеу орталықтарымен, ғылыми және ғылыми-техникалық қоғамдарымен байланыс жасауға;
- халықаралық, аймақтық, республикалық және жоғарғы оқу орындары арасындағы ғылыми конгрестерді, съездерді, конференцияларды және ғылыми-әдістемелік семинарлар ұйымдастыруға және қатысуға;
- өзара келісім негізінде шет елдің оқушыларын оқытуға және колледж оқушыларын шет елге оқуға жіберуге;
- мамандарды стажировкаға, қайта дайындығын шет елдің жоғарғы оқу орындарында өткізуге және басқа ел мамандарының стажировкасын өзінде өткізуге;
- Колледжде Қазақстан халқының біртұтастығын құрайтын, тілін, мәдениеті мен тарихын тереңдетіп оқитын арнайы ұлттық топтар бөлімдерін ашуға;
- оқытушылар мен қызметкерлерді, оның ішінде шет елдің мамандары мен ғалымдарын конкурстық-контракт негізінде тандап алуды енгізуге;
- педагогтік және ғылыми-зерттеу жұмысына ғылым, техника және мәдениеттің ірі қайраткерлерін, сондай-ақ маман-өндірісшілерді сағаттық еңбек төлемімен немесе қосымша төлеммен қызметке алуға;
- Колледждің құрылымы мен штатын, санын, профессорлық-оқытушылық құрамның және қызметкерлердің еңбегін төлеу шарттары мен мөлшерін жеке белгілеуге;
- Колледж басшылығы мен ұжымының қарауына сәйкес, колледжді дамытуға қосқан үлесі үшін, оқытуға алдыңғы қатарлы технологияларды енгізгені үшін, қажырлы еңбегі және т.с.с. үшін «Колледждің құрметті қызметкері», «Үздік оқытушысы», «Үздік топ жетекшісі» академиялық атақтар мен санаттарды беруге;
- жаңа білім беру технологияларын, ҒЗЖ және СҒЗЖ құрғаны үшін, қайталанбас монографиялар, оқулықтар, оқу құралдарын жазып және басып шығарғаны үшін, жаңа оқу кабинеттерін, оқу-әдістемелік кешендер мен полигондарды құрғаны үшін, пәнді беруде тәжірибені қолданғаны үшін және басқа да жағдайларды Колледж басшылығының қарауы бойынша Колледж оқытушылары мен қызметкерлерін марапаттауға;
- бөлмелерді, техниканы, қондырғыларды, басқа да жылжымалы және жылжымайтын мүлікті салуға, сатып алуға, жалға беруге;

- тренинг-орталықтар, қызығушылықтар бойынша клубтар, бос уақыт өткізу орталықтарын, жастар бірлестіктерін, эксперименталды студенттік лабораториялар мен консультацияларды құруға;
- ақылы негізде филиалдар, гимназиялар, лицейлер, оқу-консультациялық бекеттер, уақытша шығармашылық ұжымдар, кәсіби-техникалық мектептер құруға, өкілдіктер, сондай-ақ біріккен мекемелер, спорт мен мәдениеттің әртүрлі бағыттары бойынша үйірмелер құруға;

7. Қабылдау тәртібі

7.1. Колледжге орта негізгі және жалпы орта немесе кәсіптік-техникалық білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады. Колледжге сонымен қатар Қазақстан Республикасының оқуға түсуге ниетті басқа мемлекеттік азаматтары.

Шетелдік азаматтар мен Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіппен халықаралық шарттар, келісімдер бойынша рәсімделеді.

Оқу орнына қабылданған шет мемлекеттердің азаматтары осы Жарғы мен Колледждің ішкі тәртіп Ережелері негізінде оқушылардың құқықтары мен міндеттерін атқарады.

7.2. Білім беру ұйымдарына білім алуға азаматтарды қабылдау конкурстық негізінде азаматтардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады. Қабылдау тәртібі техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік ережесі арқылы белгіленеді. Қабылдау комиссиясы қабылдау емтихандары және білім беру ұйымға қабылдауын өткізеді. Қабылдау комиссиясы өз жұмысын 1 маусымнан кешіктірмей бастайды. Конкурс ағымдағы жылдың бірыңғай ұлттық тестілеу нәтижелері бойынша берілген сертификаттардың балдары негізінде, кешенді тестілеу нысанында жүргізілген түсу емтихандарының нәтижелері бойынша берілген сертификаттардың балдары негізінде, колледжбен жүргізілген тестілеу формасында немесе пәндер бойынша түсу емтихандарының нәтижелері бойынша алынған балдардың (бағалардың) негізінде немесе басқа да заңдылықтар негізінде жүргізіледі.

7.3. Қабылдау емтихандарын ойдағыдай өткізген, жазбаша түрде жасалған маманды дайындау туралы келісім негізінде қабылданған тұлға, оқушы болып табылады.

7.4. Оқушыларды қабылдау Бас директордың бұйрығымен жүргізіледі. Қабылдау туралы бұйрық маманды дайындау келісім шартқа қол қойылғаннан кейін күшіне енеді.

7.5. Білім беру процесінің мазмұнын меңгерудің нормативті мерзімі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес негізінде анықталады.

8. Оқу процесін ұйымдастыру

- 8.1. Колледждің оқу процесін ұйымдастыру жұмысы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының негізінде жүзеге асырылады.
- 8.2. Білім беру бағдарламаларының негізгі мазмұны ғылыми -әдістемелік бірлестіктер жасаған және Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігі бекіткен типтік оқу жоспарлары мен бағдарламалары негізінде жүзеге асады.
- 8.3. Колледж типтік жоспарлар мен бағдарламалар негізінде жұмыс жоспары мен бағдарламаларын жасайды әрі бекітеді, сонымен қатар жеке оқитын тұлғалардың оқитын тұлғалардың алдыңғы дайындығы мен қабілетін ескере отырып, білім беруді қысқа мерзімде аяқтауды көздейді.
- 8.4. Оқыту тілі Қазақстан Республикасының Конституциясына және қолданыстағы заңнамаға сай анықталады. Мемлекеттік тілді оқыту міндетті.
- 8.5. Колледж оқушылардың білімдік-кәсіби бағдарламаларды игеруіне қажетті жағдайлар жасайды. Адамға қарсы, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін оқу әдістерін пайдаланбайды.
- 8.6. Бітіруші курстан басқа курстарда жылдық оқу мерзімі 10 айдан кем емес. Оқу жылы 1-қыркүйекте басталады және оқу жоспарына сай аяқталады.
- 8.7. «Колледжде» мынандай негізгі оқыту түрлері белгіленеді: лекциялар, семинарлар, практикалық сабақтар, лабораториялық жұмыстар, практика, бақылау жұмыстары. Колледж теориялық семинарлар және басқа да сабақ түрлерін өткізе алады. Барлық аудиториялық сабақтар ұзақтылығы академиялық сағатпен кем дегенде 40-45 минут болып белгіленеді.
- 8.8. Колледждің тәрбиелік міндеті білім берудің гуманистік сипаты жалпы адами басыңқы құндылықтарына бағытталған оқушылар мен оқушылардың оқыту, ғылыми, шығармашылық, өндірістік қызметтері бірлесіп жұмыс ету арқылы жүзеге асырылады.
- 8.9. Колледждің оқу-тәрбие жұмысы студенттердің денсаулық жағдайын негізге ала отыра жүргізіледі. Студенттердің ауруын алдын алу, денсаулығын нығайту, дене мүмкіншіліктерін жетілдіру, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін шаралар қолданылады.
- Білім алушының сабақ тәртібі, оқу жүктемесі «Колледждің» өзі бекіткен мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары, оқу жоспары мен оқу және денсаулық сақтау органдарының кеңесі негізінде жасалған ережелер мен осы Жарғы негізінде жүргізіледі.
- 8.10. Колледж ғылыми мектептер мен бағыттардың пайда болып, қалыптасуына қолдап, жас оқытушылар мен студенттер арасында ғылыми зерттеу жұмыстарының дамуына жасайды.

9. Білімді бақылау жүйесі

- 9.1. Білім алушыларды аралық аттестаттаудан өткізудің пәндер тізбесімен нысаның мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сәйкес Колледж белгілейді және оқу жылының басында оқу процесінің кестесіне енгізіледі.

9.2. Оқытудың нысандарының, әдістерін және үлгерімінің аралық аттестациясымен ағымдық кезеңін оқу орны оқу жоспарымен бағдарламасы негізінде әзірлейді.

9.3. Оқытушылардың үлгерімі мен мінез-құлықтары келесі бағалармен айқындалады: «үздік», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз». Жоғарғы балл «үздік» болып табылады, «қанағаттанарлық» балы есептік болып табылады.

9.4. Оқушылардың білімін ағымдағы бақылау тәжірибелік сабақтар нысанында жүргізіледі. Пәндер бойынша практикалық және семинарлық сабақтар жоқ болған жағдайда ол бойынша үлгерімді ағымдағы бақылау оқу бағдарламасында кез-келген міндетті бақылау жұмыстарын (жазбаша тапсырмалар, рефераттар және т.б.) тексеру арқылы жүзеге асырылады. Бақылау жұмысы бірнеше нұсқа бойынша (4 нұсқадан кем емес) немесе жеке тапсырмалар бойынша өткізіледі.

9.5. Аралық аттестаттау курстық жобаларды (жұмыстарды) қорғау, сынақтар және емтихандар нысанында сондайақ курстық жобаларды (жұмыстарды) қорғау және сынақтар емтихандар басталғанға дейін өткізіледі.

Курстық жобалар (жұмыстар) аталған пән бойынша курстық жобаны (жұмысты) орындау үшін жеткілікті білімді меңгеруді қамтамасыз ететін пәннің теориялық бөлімі немесе тарауы аяқталғаннан кейін орындалады.

9.6. Егер ағымдағы семестрдің оқу жоспарымен аралық аттестаттау аталған пән бойынша емтихан немесе қорытынды сынның түрінде қарастырылмаса, сынақ келесі семестрге ауысқан пәндер бойынша өткізіледі.

9.7. Білім алушыларды аралық аттестаттау материалды әрбір оқу пәнінің жұмыс жоспарларымен бағдарламаларының негізінде жасалады.

9.8. Аралық аттестаттауға барлық практикалық, зертханалық, есеп-айырысу кестелік және курстық жұмыстарды (жобаларды), сынақтарды толық орындаған және әрбір пән бойынша типтік оқу бағдарламаларына сәйкес ағымдағы білім есебінің қорытындысы бойынша қанағаттанарлықсыз баға алмаған білім алушылар жіберіледі.

9.9. Білім алушыларды емтихан нысанында аралық аттестаттауды өткізу үшін емтихан билеттері, көрнекі құралдар, оқу және технологиялық карталары, емтихан ведомосы дайын болу қажет.

9.10. Ағымдағы жылдың оқу жоспарының пәндері бойынша куәландырылмаған оқушылар келесі курсқа ауыстырылмайды, ал емтихан сессиясы уақытында 3 пән бойынша (немесе біреуі бойынша үш мәрте) куәландырылмағандар колледжден шығарылады.

Белгіленген курстағы оқу жоспарының талабын толықтай орындаған, аралық аттестаттаудың барлық емтихандары мен сынақтарын табысты тапсырған білім алушылар келесі курсқа колледж директорының бұйрығымен көшіріледі.

9.11. Колледж ұйымдарындағы білім алушыларды қортынды аттестаттау арнайы пәндер бойынша қортынды емтихан тапсыру және (немесе) диплом жобасын (жұмысын) қорғау нысанында өткізіледі.

Арнайы пәндер бойынша қортынды емтихандар: ауызша, жазбаша, кешенді емтихандар нысанында өткізіледі.

9.12. Диплом жобасын қорғау немесе қорытынды аттестаттау кезінде «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған тұлға, тек оның алдыңғы қорытынды аттестаттауда қанағаттанарлықсыз баға алған нысаны бойынша қайта тапсыруға рұқсат етіледі.

Окшылардың білім аралық бақылау семестрлер бойынша еспке алу және емтихандар нысанында жүргізіледі.

9.13. Оқу жоспарының барлық талаптарын орындаған оқушы нәтижелері бойынша оған тиісті білім және біліктілік деңгейі туралы құжат беру туралы мәселе шешілетін қорытындылық куәландырылуға жіберіледі.

Қорытындылық куәландырудан өткен тұлғаларға құжатты берген білім беру мекемесінің атауы, түлекке берілген біліктілік, сонай-ақ зерделенген пәндердің көлемдері мен оларды игеру сапасының бағаларының көрсете отырып, олардың тізбесі көрсетілген білім туралы құжат беріледі. Түлектерге мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

9.14. Оқушылар білім туралы заңнамаларында көрсетілген құқықтарға ие және міндеттерді сақтауы керек. Оқу жоспарларының орындамағаны және Колледж Жарғысының ішкі тәртіп Ережелерінің бұзғаны үшін оқушыларды Колледж шығаруға дейін шара қолданыла алады.

10. Ақылы білім беру қызметінің тізбесі мен тәртібі

10.1. Колледж азаматтық-құқықтық келісімдер негізінде заңды және жеке тұлғалармен ақылы білім беру қызметін іске асырады:

- негізгі орта білім және толық орта білім негізінде - күндізгі (негізгі және толық орта білім негізінде) және сырттай (толық орта білім негізінде) оқу түрі бойынша оқыту;
- колледждің мамандықтары бойынша қысқаша білім беру курстарында оқу;
- мамандардың біліктілігін көтеру және қайта даярлау курстарында оқу;
- оқу процесін ұйымдастырудың жаңа әдістемесін әзірлеу;
- оқу семинарларын ұйымдастыру және өткізу;

10.2. Аталған қызметтер ақысы Қазақстан Республикасының «Төлемдер, ақша аударулар туралы», «Валюталық реттеу туралы» заңдарын сақтау және Қазақстан Республикасының кассалық операциялар жөніндегі Ережелеріне әрі көрсетілген қатынастарды реттейтін басқа да нормативтік актілер негізінде қабылданады.

10.3. Колледж ақшалай төлемнің орнына Қазақстан Республикасы заңдарына қайшы келмейтін жағдайларда тауармен төлеу, жұмыспен орындау, қызмет көрсету түрінде қабылдай алады.

11. Колледж және онда оқитандар немесе заңды өкілдері мен оқытушылар арасындағы қатынастардың реттелуі

11.1. Колледж бен оқушылар арасындағы қатынас білім беру қызметі туралы жасалған келісім негізінде туады. Бұл келісімде шарттаушы жақтардың құқықтары мен міндеттері көрсетіледі, сонымен қатар әр жақтың шартта көрсетілген міндеттерді орындамаған немесе көңілдегідей орындамаған жағдайдағы жаупкершілігі көрсетіледі.

11.2. Егер оқушы кәмелеттік жасқа толмаған жағдайда (14 жасқа дейін) оқу келісіміне оның заңды өкілі (ата-анасы, жауапты тәрбиешісі, балалар үйі мекемелерінің өкілі немесе қамқоршысы) қол қояды.

11.3. «Колледжбен» кәмелеттік жасқа толмаған (14 пен 18 жас арасындағы) оқушылар үшін ата-анасы немесе қамқоршы қол қояды.

11.4. Сотпен әрекеті шектеулі деп табылған оқушы «Колледжбен» қамқоршылары арқылы келісімшарт жасайды.

11.5. Оқушылар құқылы:

- 1) білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес сапалы техникалық және кәсіптік орта білім алуға;
- 2) Колледж кеңесінің шешімі бойынша жеке оқу бағдарламалары, қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары шеңберінде оқыту;
- 3) өз дағдылары мен ақылы негіздегі талаптарына сәйкес қосымша білім беретін қызметтер, білімдер алу;
- 4) білім беру ұйымын басқаруға қатысу;
- 5) бір оқу орнынан екіншісіне, бір мамандықтан екіншісіне немесе бір оқу түрінен екіншісіне ауысу және қайта қабылдау;
- 6) білім беру ұйымында ақпараттық қорларды ақысыз пайдалану, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік жәрдемақылармен қамтамасыз ету;
- 7) колледждің спорт, оқу, рәсім залдарын, кітапхана қорын, интерактивті залдарды, аудиторияларды, материалдық техникалық базасын ақысыз пайдалану;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғындарды жұмыспен қамту саласындағы жағдай туралы ақпарат алу;
- 9) өз пікірі мен ойын еркін сипаттау;
- 10) өзінің адамгершілік қасиеттерін сыйлау;
- 11) оқу, ғылыми және творчестволық қызметтегі жетістіктері үшін марапаттау және сыйақылау;
- 12) Колледжде денсаулыққа қауіпсіз жағдайлар жасау;
- 13) Оқудан бос уақытта оқуды жұмыспен бірге алып жүру.

11.6. Оқушылар міндетті:

- 1) Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес білім, дағдылар, тәжірибелік дағдылар мен компетенцияларды үйренуге;

2) Ішкі тәртіп Ережелерін, Колледж Жарғысымен және маман даярлау шартымен белгіленген басқа да талаптарды сақтауға;

3) өз денсаулығына қамқорлық етуге, рухани және табиғи шыңдалуға талпынуға;

4) педагогикалық қызметкердің мәртебесі мен ар-ұжданын, өздері оқитын Колледждің дәстүрлерін сыйлауға;

5) Колледж әкімшілігі мен оқытушылардың өкімдері мен тапсырмаларын орындауға;

6) өзін-өзі ұстау, еңбек және сөйлеу дағдыларын үйренуге;

7) басқа оқушылардың құқықтары мен мүдделерін сыйлауға, олардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірмеуге;

8) Колледж мүлкіне ұқыпты қарауға.

11.7. Ата-аналар мен басқа да заңды өкілдердің құқықтары:

1) Білім беру ұйымыдарын баланың еркіне, жеке талаптары мен ерекшеліктеріне қарай таңдауға;

2) Ата-аналар комитеттері арқылы білім беруді басқару органдарының жұмысына қатысу;

3) Өз балаларының оқу үлгерімі, тәртібі мен оқу жағдайлары жайлы мәліметтерді алуға;

4) Психологтық-медициналық-педагогикалық кеңестерден өз балаларының оқу, тәрбие мәселелері бойынша консультативтік көмек алуға;

5) Колледждің атан-аналар жиналысына қатысуға;

6) Келісім негізінде өз балаларының қосымша қызметтер алуына.

11.8. Ата-аналар мен басқа да заңды өкілдер міндеті:

1) Балаларға сау және қауіпсіз өмір және оқу жағдайларын жасау, олардың интеллектуалдық және физикалық күштерін, адамгершілік тұрақтануын қамтамасыз етуге;

2) Білім беру ұйымына балаларды оқытуда және тәрбиелеуде көмек көрсету;

3) Оқу орнында балалардың сабаққа қатысуын қамтамасыз ету.

11.9. Оқытушылар құқылы:

1) Кәсіптік қызметке жағдайлар жасау үшін педагогикалық қызметпен айналысуға;

2) Ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименталдық жұмыспен айналысу, педагогикалық тәжірибеге жаңа әдістер мен технологияларды енгізу;

3) Жеке педагогикалық қызмет жасауға;

4) Сәйкес білім беру деңгейінің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартының талаптарын сақтау жағдайында педагогикалық қызметтің әдістері мен түрлерін еркін таңдау;

5) Білім беру ұйымының басқарудың коллегиалдық органдарының жұмысына қатысу;

6) Ұзақтылығы 4 айдан аспайтын мерзімде 5 жылдан кем емес өз біліктілігін арттыру;

7) Біліктілікті көтеру мақсатында мезгілінен бұрын аттестациядан өту;

8) Мемлекеттік наградалар, құрметтік атақтар, сыйақылар мен атаулы стипендиялар түрінде жетістіктері үшін моральдық және материалдық марапаттау;

9) Өзінің кәсіби мүддесі мен ар-ожданынын қорғауға;

10) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Еңбек Кодексінде белгіленген құқықтарға.

11.10. Оқытушылар міндетті:

1) Өзінің кәсіптік компетенциясы шеңберінде сәйкес теориялық және тәжірибелік білімдерді және сабақ беру дағдыларына ие болу;

2) Білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарының талаптарына сәйкес ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапалылығын қамтамасыз ету;

3) Оқушыларды жоғары адамгершілік рухында, ата-анасын, этномәдени құндылықтарды сыйлауға, қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу;

4) Оқушылардың өмірлік дағдыларын, компетенцияларын, еркіндігін, творчестволық талпыныстарын дамыту;

5) Өзінің кәсіби шеберлігін, интеллектуалдық, шығармашылық және жаппы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіріп отыру;

6) 5 жыл сайын аттестациядан өтіп тұру;

7) Педагогтық этика нормаларын сақтау;

8) Оқушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының мүддесі мен ар-ожданын сыйлау.

11.11. Оқу-қосалқы және әкімшілік-шаруашылық қызметкерлердің құқығы мен міндеттері ішкі тәртіп ережелері мен лауазымдық нұсқаулықтармен белгіленеді.

11.12. Мазмұнына байланысты келіспеушілік жағдайларды әр жақтың өзара келісімі арқылы шешіледі. Егер екі жақ келісе алмаса, мәселе сот шешімі арқылы шешіледі.

12. Басқару тәртібі және «Колледжді» қаржыландыру көзі

12.1. Колледж мүлкі оның балансына құрылтайшы берген ғимараттар, құрылғас, оқу ісін ұйымдастыруға қажетті жабдықтар және ұлттық, шет ел валютасы түріндегі құнды қағаздар, шығармашылық (интеллектуалды) қызмет нәтижелерін объектілендіру құқықтарынан құралады.

12.2. Колледж өз меншігіне кез-келген жеке және заңды тұлғалардан түсетін кез-келген мүліктерді (ғимараттар, құрылыстар, жер телімдері, ақша құралдары және басқа түрдегі мүліктер) ақылы және ақысыз негізінде қабылдауға құқылы.

12.3. Колледж басқа кәсіпорындарға, ұйымдарға, құрылтайшылар мен экзамендерге өздеріне тиесілі ғимараттарды, құрылымдарды, құрал-жабдықтарды, көлік құралдарын, керек-жарақтарды, шикі заттарды және кез-келген басқа да мүліктер мен құнды заттарды сатуға, ақша беруге, айырбастауға, тегін беруге немесе қарыз беру шарттары негізінде тұрақты

немесе уақытша пайдалануға қатысушының келісімімен беруге, сонымен қатар, өз баланысынан шығарып тастауға құқылы.

12.4. Колледждің ерікті қайырымдылық салымдар нәтижесінде, спонсорлар көмегі, лоторея ұтыстары мен грандтардан түскен қаржыға және басқа заттарға құқығы пайда болады.

12.5. Шұғыл басқаруға берілген қаржымен Колледж оқушылар мен қызметкерлердің оқу және қызмет жағдайын дұрыс қамтамасыз ету үшін, материалдық-техникалық жабдықтауға және мемлекеттік білім беру стандарттарын орындау үшін жұмсай алады.

12.6. Колледж тиісті тәртіп бойынша бухгалтерлік есеп және есеп беруді жүргізеді.

13. Колледж құрылымы, басқару органдарын құру тәртібі, олардың құзіреті

13.1. Колледждің басқару органдары:

а) Колледждің жоғарғы басқару органы – құрылтайшы.

б) Атқарушы (жеке) органы – Бас директор.

в) Алқалы органы – Педагогикалық кеңес.

13.2. Колледжде бақылау функцияларын іске асыру үшін колледжінің жалғыз құрылтайшының шешіміне сәйкес Тексеру комиссиясы (тексеруші) құрылуы мүмкін.

13.3. Колледждің басқару органдарының құзіреті осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңдарымен анықталады.

Құрылтайшы келесі мәселелерді шешу құзірына ие:

13.3.1. Колледж Жарғысына, соның ішінде, орналасқан жері мен фирмалық атауына өзгерістер енгізу, немесе Колледж жарғысының жаңа редакциясын «мәтінін» бекіту;

13.3.2. Колледждің атқарушы органын құру және оның өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтау, сонымен қатар, колледжді немесе оның мүліктерін сенімділік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және сондай беру ісінің шарттарын айқындау;

13.3.3. Колледждің тексеру комиссиясын «Ревизорын» сайлау және олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар, колледж тексеру комиссиясының (ревизорының) қорытындысы мен есептерін бекіту;

13.3.4. Колледжді қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдау, тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

13.3.5. Колледждің барлық мүлігін кепілдікке беру туралы шешім қабылдау;

13.3.6. Колледж мүліктеріне қосымша жарна енгізу туралы шешім қабылдау.

Құрылтайшы колледждің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша серіктестіктің басқа органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

Колледждің барлық мәселелер бойынша шешімдері құрылтайшының шешімімен қабылданады және жазбаша нысанда жасалауы тиіс.

13.4. Құрылтайшы оның атқарушы органына ерекше емес юрисдикциясын беруге құқығы бар. Құрылтайшы Колледждің қызметіне байланысты кез келген мәселені шешуге құқылы.

13.5. Колледждің ағымдағы қызметіне жетекшілік пен оның істеріне басшылық жүргізуді Құрылтайшыға есеп беретін және оның тапсырмаларын орындауды ұйымдастыратын жеке атқарушы органы – Бас директор жүзеге асыра алады. Бас директорды тағайындаған уақытта еңбек қатынастары өз күшіндегі еңбек туралы заңдарға сәйкес шарт негізінде реттелетін болады. Колледждің Бас директоры қызметін тек қана жеке тұлға атқара алады, ол Құрылтайшы болмауы да мүмкін.

13.6. Колледждің бас директорының құзырына, колледж қызметін қамтамасыз етуге қажетті барлық мәселелерді қарайтын болады.

13.7. Колледждің бас директоры сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы колледж құрылтайшысын хабардар етуге міндетті. колледж құрылтайшысына сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат, колледж соттың тиісті хабарламасын немесе корпоративтік дау бойынша азаматтық іске шақыруды алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей берілуге тиіс.

13.8. Колледждің бас директоры:

- 1) Құрылтайшы берген өкілеттілік шектерде, колледж мүлкітерін, соның ішінде, оның ақшалай қаражаттарын оның қажетіне жұмсайды;
- 2) Колледж атынан сенімхатсыз мәмілелерге (контрактілерге) жасасады, оның орындалуын қамтамасыз етеді;
- 3) Банктерде есеп және басқа да шоттар ашады және жабады, банктердің құжаттарына бірінші қол қою құқылы;
- 4) Колледждің директорын тағайындайды;
- 5) Колледж қызметкерлерін қабылдау және жұмыстан босатуын жүзеге асырады. Колледж қызметкерлеріне қатысты, оларды қызметке тағайындау басқа қызметке ауыстыру туралы жарлықтар шығарады, еңбекақы төлеу жүйесін анықтайды, қызметтік еңбекақы мөлшерін және дербес қосымша ақы шамасын тағайындайды, көтерме сыйақы төлеу мәселелерін шешеді, ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жаза белгілеу түрін анықтайды;
- 6) Штаттық кестені бекітеді;
- 7) Оқушыларды қабылдау, ауысу, қайта қабылдау, оқудан шығару туралы бұйрықтарға директордың келісімінен кейін қол қояды;
- 8) Колледждің еңбек ұжымы орындалуы міндетті жарлықтар мен нұсқаулар береді;
- 9) Сенімхаттар береді;
- 10) Жылдық қаржылық есептілігін бекітеді және таза табыс бөледі;
- 11) Осы Жарғыда анықталған және колледж Құрылтайшысы берген өкілеттіліктер шегінде, Колледждің қызметтері мәселелері бойынша колледждің ішкі жұмысын ретке келтіретін ішкі еңбек тәртібін, оларды қабылдау жүйелерін бекітеді;

12) Колледждің ұйымдармен, соның ішінде, мемлекеттік ұйымдармен, сот органдарымен қатынастары кезінде оны өкілеттейтін болады;

13) Колледждің тағайындалған лауазымды тұлғаларын тағайындайды және ауыстырады;

14) Өз құзыры шегінде басқа да функцияларды орындауды жүзеге асырады.

13.8.1. Колледж Директоры:

1) колледждің оқу процесін тікелей бақылауды жүзеге асырады, келісім шарт негізінде әрекет етеді

2) Жұмыс оқу жоспарларын орындалуын қадағалайды, оқу - тәрбиелік үрдісті ұйымдастырады;

3) Ағымдағы және болашақтағы жұмыс бағдарламаларың орындалуын қамтамасыз етеді;

4) Құрылтайшының шешімінің дайындалуын және оның орындалуын қамтамасыз етеді, орындалғаны туралы есептер береді;

5) түлектерге диплом беру туралы бұйрыққа қол қояды және диплом беруді қадағалайды;

6) сенімхатсыз кез келген меншік нысанындағы барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдарда колледжді ұсынады;

7) жұмыс оқу жоспарларын, күнтізбені және тақырыптық жоспарларын, кестелер, сабақ кестесі ағымдағы және қорытынды емтихандарын, ведомстволар туралы ережелерін және т.б. бекітеді;

8) оқу процесіне қатысты өкімдер шығарады;

9) колледждің ағымдағы қызметі бойынша есептерге қол қояды және орындалуын бақылайды;

10) Оқытушылар құрамын іріктеуді жүзеге асырады.

13.9. Колледждің бас директоры жауапкершілікке тартылады:

1) Қаржы шаруашылық қызметін жәй күйі, оның ішінде материалдық және ақша қаражаттарын нысаналы пайдаланбағаны үшін.

2) Нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартында көзделген талаптарды бұзғаны үшін.

13.10. Колледж Директоры жауапкершілікке тартылады:

1) Колледж білім алушыларының, қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны үшін;

2) Өзінің құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамағаны үшін;

3) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стардартының талаптарын бұзғаны үшін;

4) Колледж білім алушыларының және қызметкерлерінің оқу және тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығы үшін;

5) Нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында көзделген талаптарды бұзғаны үшін жауаптылықта болады;

13.11. Колледждің Бас директорына және директорына тиым салынады:

1) Қатысушының келісімінсіз, Колледжбен мүліктік пайда табуға бағытталған мәмілеге (соның ішінде, сыйға тарту, қарызға алу, ақысыз пайдалануға беру, сатып алу-сату және т.б.) отыруға;

2) Колледждің өзінен де және үшінші бір тұлғалардан да, сол үшінші тұлғалар және серіктестік арасындағы жасалған шарттар үшін комиссиялық сыйақы алуға;

3) Колледжбен тестікпен қатынастар кезінде үшінші бір тұлғалар атынан немесе үшінші бір тұлғалардың мүддесі үшін әрекет атқаруға;

4) Колледж қызметіне бәсекелестік құратын, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға.

13.12. Колледждің Бас директоры және Директоры колледжге келтірген шығындары үшін, оның орнын толтыру мақсатымен, колледж Құрылтайшысының талабы бойынша жауапқа тартылуы мүмкін. Колледж Директоры үшінші тұлғалар алдында, сол үшінші тұлғалар Директордың Колледжді басқару қызметін қалай-болса солай, жауапсыздықпен жүргізуі себепті Колледждің қауқарсыздыққа (банкроттыққа) ұшырауына орай ұшыраған шығындары үшін жауапкершілікке тартылады.

13.13. Құрылтайшы коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа еркін қол жеткізу құқығы бар адамдар тобын айқындайды және оның құпиялығын қорғауға шаралар қолданады. Ақпаратты қол жетімділік санатына жатқызу тәртібін, коммерциялық құпия құрайтын ақпаратты сақтау және пайдалану шарттарын Құрылтайшы айқындайды.

13.14. Колледждің бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептілік жасауы Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептілік туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен жүзеге асыралады.

13.15. Колледждің статистикалық есептілігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес беріледі.

13.16. Колледждің атқарушы органын жарғылық қызметіне бақылау жүргізу үшін тексеру комиссиясы құрылуы мүмкін. Тексеру комиссиясының қызметін атқару ісі дербес ревизор қызметін атқаратын, Колледж өкіліне тапсырыла алады.

13.17. Колледждің атқарушы органының мүшелері тексеру комиссиясының мүшесі бола алмайды. Тексеру комиссиясы (ревизор) Колледждің атқарушы органының жарғылық қызметіне тексеру жүргізу барысында атқарушы органының мүшелерінен барлық қажетті материалды, бухгалтерлік және басқа да құжаттарды ұсынуды және жеке дара түсініктеме беруді талап ете алады.

13.18. Ревизия жұмыстарын жүргізу үшін тәуелсіз аудитор шақырылуы мүмкін.

13.19. Білім беру ұйымын алқалық басқару формасы Педагогикалық кеңес болып табылады. Педагогикалық кеңестің басты міндеттері: колледждегі оқу-тәрбиелеу процесінің күйін, оқытушылардың кәсіби дайындық деңгейін, Колледж оқушыларының оқытылуы, тәрбиелену және даму деңгейін диагностикалау. Білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұжымның күштерін біріктіру, педагогикалық жұмысты және оқу-тәрбиелеу процесін жетілдіруге колледждің Педагогикалық ұжымының

қызметін бағыттау, педагогикалық ғылым және алдыңғы қатарлы тәжірибе жетістіктерін тәжірибеге енгізу, оқушылардың ауысу және бітіру мәселелері.

Педагогикалық кеңестің құрамы колледж бас директорының бұйрығымен бекітіледі. Педагогикалық кеңестің Төрағасы колледж директоры болып табылады. Педагогикалық кеңестің құрамына директор (төраға), оның орынбасарлары, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіреді.

Педагогикалық кеңестің отырыстары екі айда кем дегенде бір рет өткізіледі. Егер Педагогикалық кеңес мүшелерінің жартысынан астамы қатысатын болса, Педагогикалық кеңестің отырыстары өткізілген болып саналады. Шешімдер дауыстардың қарапайым көпшілігімен қабылданады.

14. Колледж қызметкерлерінің штатын қалыптастыру тәртібі, еңбектерін төлеу шарттары

14.1. Колледж өзіне қажетті қызметкерлерді жалдау туралы еңбек шарты негізінде, сонымен қатар, еңбек қатынастарын реттеп отыратын басқа да нысандарды пайдалана отырып жүзеге асыруға құқылы.

14.2. Колледж Қазақстан Республикасының өз күшіндегі заңдарын басшылыққа ала отырып, өзінің барлық қызметкерлерін әлеуметтік – экономикалық құқықтармен қамтамасыз ететіні туралы кепілдік береді.

14.3. Әрбір қызметкердің еңбек табыстары жұмыстың ең соңғы нәтижелерін ескере отырып, оның дербес еңбек жетістіктері арқылы анықталатын болады, және ол максималды мөлшермен шектелмейді, сонымен қатар сол табыстарға белгіленген тәртіптер бойынша салық салынады.

14.4. Колледж еңбекақы төлеу нысандарын және жүйелерін дербес түрде анықтайтын болады, еңбек шарттарында тарифтік ставкалар мен жалақы түрлерін қарастыратын болады, бұл жағдайда серіктестік мемлекеттік тарифтерді қызметкерлер мен тиісті біліктілігі бар мамандардың еңбек ақысын төлеуге арналған минималды кепілдікті жалақы деп есептейді.

14.5. Колледж өзінің барлық қызметкерлері үшін еңбектің қауіпсіз түрлерін қамтамасыз етуі керек және қызметкерлердің денсаулығы мен еңбекке жарамдылығына келтірген шығындары үшін өз күшіндегі заңдар анықтаған тәртіппен жауап береді.

15. Қайта құру және тарату

15.1. «Колледж» өз жұмысын қайта құру немесе тарату барысында тоқтатылады.

15.2. «Колледжді» тарату немесе қайта құру мүлік иесінің не соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

15.3. «Колледжді» қайта құру барысында барлық тиісті өзгерістер жарғыға енгізіледі. Қайта құру Колледждің құқылары мен міндеттерінің құқылық мұрагеріне ауысуына әкеліп соғады.

15.4. Құрылтайшылар немесе сот құрған тарату комиссиясы «Колледжді» тарату жұмысын жүзеге асырады.

15.5. Тарату комиссиясы ресми баспасөзге кемінде 30 күн бұрын оның таралуы туралы, несиешілердің (кредиторлардың) талап қою тәртібі мен мерзімі туралы жариялайды. Тарату комиссиясы жойылатын кәсіпорынның қолдағы мүлкін бағалайды және несиешілерімен есеп айыстырады, жою балансын жасайды және оны меншік иесіне немесе тарату комиссиясын құрған органға тапсырады.

15.6. Несиешілердің талаптары заңды белгіленген тәртіп бойынша Колледждің мүлкі есебінен қанағаттандырылады. Белгіленген өтініш мерзімі өтіп кеткеннен кейін шыққан және табылған талаптар белгіленген мерзім ішінде берілген талаптарды қанағаттандырудан қалған колледждің мүлкі есебінен қанағаттандырылады.

Мүліктің жетіспеуі себебімен қанағаттандырылмаған талаптар өтелген болып есептелінеді. Тарату комиссиясы мойындамаған талаптар толық немесе ішінара мойындамау туралы жауап алғаннан кейін бір ай ішінде талаптарын қанағаттандыру туралы сотқа шағым жасамасы, өтелген болып есептеледі.

15.7. Талаптарды қанағаттандырғаннан және қызметкерлердің еңбек ақысын төлеуден қалған мүлік құрылтайшылардың меншігі болып табылады және олардың қалауымен пайдаланылады.

Құрылтайшыларға қатысушы азаматтың өлімі немесе өлгені туралы жирияланғаны немесе заңды тұлғаның тоқтатылуы жағдайында оның мүлік үлесі өсиет не заң бойынша қалған мұрагеріне ауысады.

15.8. «Колледжді» заңды тұлғалар Мемлекеттік тіркемесінен алып тастаған сәттен бастап тарату аяқталған болып есептеледі.

1. Общие положения

1.1. Учреждение «Колледж им. Д.А.Кунаева в г. Астана» (далее Колледж) является некоммерческой, частной организацией образования.

1.2. Колледж осуществляет свою деятельность в соответствии с гражданским законодательством Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об образовании», иными нормативными актами, регламентирующими деятельность в сфере образования и настоящим Уставом.

1.3. Наименование Колледжа на государственном языке: «Астана қаласындағы Д.А.Қонаев атындағы колледж» мекемесі; на русском языке: учреждение «Колледж им. Д.А.Кунаева в городе Астана»

1.4. Местонахождение Колледжа: Республика Казахстан, 010000, город Астана, район Алматы, ул.Манаса 23/2.

1.5. Колледж является некоммерческим юридическим лицом, созданным в организационно-правовой форме учреждения. Имеет обособленное имущество на праве собственности, которое отражает на самостоятельном балансе, от своего имени вступает в гражданские, трудовые и административные правоотношения, несет имущественную ответственность всем своим имуществом, может выступать истцом или ответчиком в суде или третейском суде. Он имеет печать и штампы со своим наименованием, расчетный и иные счета в банках Республики Казахстан и других государств.

2. Учредители учреждения

2.1. Учредителем является гражданка Республики Казахстан: физическое лицо – Дархамбаева Кашипа Рахимбековна 22.03.1947 года рождения, уроженка Алматинской области, уд.личности 031180279 выдано Министерством Юстиции РК от 21.01.2011г. ИИН № 470322400142.

3. Задачи и функции

3.1. Основными задачами деятельности Колледжа являются:

- создание необходимых условий для получения качественного образования направленного на формирование, развитие и профессиональное становление личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижений науки и практики;
- удовлетворение потребностей общества в квалифицированных специалистах технического и обслуживающего труда;
- подготовка и переподготовка специалистов с техническим и профессиональным, послесредним образованием в соответствии с требованиями государственных и международных стандартов, современных технологии и условий рыночной экономики;

- воспитание гражданственности и патриотизма, любви к своей Родине - Республике Казахстан, уважения к государственным символам, почитания народных традиций, нетерпимости к любым антиконституционным или антиобщественным проявлениям;

- внедрение эффективного использования новых технологий обучения, в том числе кредитной, дистанционной, информационно-коммуникационных, способствующих быстрой адаптации профессионального образования к изменяющимся потребностям общества и рынка труда;

- развитие творческих, духовных и физических возможностей, формирование прочных основ нравственности и здорового образа жизни, обогащение интеллекта путем создания условий для развития индивидуальности;

